



БЕКІТІЛДІ

«Әбілқас Сағынов атындағы

Қарағанды техникалық

университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінің

2026 жыл 11 ақпан шешімімен

№ 1/54 хаттама)

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы қағидалар

1. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның білім беру құжаттарын толтыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 47 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, мемлекеттік үлгідегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың нысандарын және оларды тіркеу және беру ережелерін, мемлекеттік үлгідегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды тіркеу және беру ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттарды толтыру тәртібін айқындайды.

2. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері:

- бакалавр дәрежесі берілген жоғары білім туралы диплом;
- магистр дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;
- магистр дипломына куәлік;
- философия докторы (PhD) дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;
- бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом.

3. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ өзіндік үлгідегі құжаттарды беру үшін білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын және олардың тиісті білім деңгейін толық көлемде меңгергенін растайтын аттестациялық комиссияның шешімі негіз болып табылады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беру үшін негіздеме ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету

комитетінің шешімі және Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы болып табылады.

Нормативтік құжаттар

4. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 47 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды тіркеу және беру ережелерін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды тіркеу және беру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;

6. ҚарТУ ДП Х-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар

7. Өзіндік үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом 297x210 мм өлшемдегі диплом бланкісінен және үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) жазылған 210x297 мм өлшемдегі қосымшадан тұрады.

8. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың барлық түрлері құжаттарды қорғау дәрежесі бар арнайы қағазға басып шығаруды қамтамасыз ететін ұйымдарда басылады.

9. Өзіндік үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың бланкілері типографиялық тәсілмен басып шығарылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы диплом бланкісінің бет жағында:

1) үстіңгі жағының сол жағында – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ логотипінің суреті;

2) үстіңгі жағының ортасында - Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы сөзі;

10. ортасында - «Жоғары білім туралы диплом»/«Магистр дипломы»/«Философия докторы (PhD) дипломы»/ «Бейіні бойынша доктор дипломы» сөзі жазылады.

Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың барлық түрлерінің сериясы бар және реттік нөмірленген (он бір таңбалы нөмір).

Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың келесі сериялары бар:

1) бакалавр дәрежесі берілген жоғары білім туралы диплом - BD;

2) магистр дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом - MD;

3) магистр дипломына куәлік - CMD;

4) философия докторы (PhD) дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом - PhD;

5) бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі

білім туралы диплом - PD.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі өзіндік үлгідегі білім беру құжаттарының реттік нөмірлеуін белгілейді.

11. Диплом бланкісінің сыртқы жағы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде былайша толтырылады:

1) логотип;

2) университет атауы;

3) «Диплом» сөзі

4) дәреже беру туралы аттестациялық комиссия отырысы хаттамасының күні мен нөмірі (бар болса). Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломдарында ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бұйрығының күні, нөмірі;

5) білім беру бағдарламасының (мамандығының) коды және атауы;

6) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

7) шетел азаматының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;

8) берілетін дәреже (бар болса);

9) оқу түрі;

10) Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломдарында:

- диссертация тақырыбы;

- ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттер туралы деректер, диссертациялық кеңес отырысы хаттамасының күні, нөмірі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОкБҰ үшін) немесе комитет бұйрығының күні, нөмірі (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОкБҰ үшін);

11) Басқарма Төрағасы – Ректордың қолы;

12) берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, қаласы, берілген күні: берілген бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланктің тіркеу нөмірі (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен);

13) QR-код;

14) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ мөрі;

15) институционалдық аккредиттеуді жүргізген аккредиттеу агенттігінің логотипі және/немесе атауы.

12. Өзіндік үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға қосымша мынадай түрде толтырылады:

1) университет атауы;

2) түлектің тегі;

3) түлектің аты, әкесінің аты (бар болса) толық көрсетіледі;

5) «Алдыңғы білім туралы құжат» жолында осы адамның «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ға қабылдануына негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылы көрсетіледі. Егер алдыңғы білім беру құжаты

шетелде алынған болса, оның атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріне аудармада және осы құжат берілген елдің атауында көрсетіледі;

6) «Оқуға қабылданды» жолында төрт таңбалы сандармен оқуға түскен жылы, сондай-ақ осы адам оқуға түскен оқу орнының толық атауы көрсетіледі;

7) «Оқуды аяқтады» жолында оқуды аяқтаған жылы төрт таңбалы сандармен, сондай-ақ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ толық атауы көрсетіледі.

Студенттің оқыған басқа оқу орындары көрсетілмейді;

8) «Алынған академиялық кредиттердің жалпы саны - ECTS» жолында - кредиттер саны санмен көрсетіледі

9) «Оқытудың орташа өлшенген бағасы (GPA)» деген жолда – оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл сандармен көрсетіледі;

10) «Кәсіптік практика» жолында академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, баллдарда және дәстүрлі (жазбаша) көрсетіледі);

11) «Қорытынды аттестаттау» жолында академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, баллдарда және дәстүрлі (жазбаша) көрсетіледі). Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;

12) «Орындау және қорғау» жолына «тақырып бойынша» деген сөздер, ал магистрлер үшін – «тақырып бойынша магистрлік диссертация», бітіру жұмысының тақырыбы тырнақшаларда, бітіру жұмысын орындау үшін белгіленген кредиттер саны және бағалау (әріптік баламада, баллдарда және дәстүрлі (жазбаша)) жазылады;

13) «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» жолында деңгей сандармен көрсетіледі: бакалавр дәрежесі үшін – 6, магистр дәрежесі үшін – 7; докторантура дәрежесі үшін – 8;

14) «Теориялық оқыту» жолында зерделенген пәндердің атауы, пәндердің кодтары, академиялық кредиттердің саны, бағасы (әріптік баламада, балдармен және дәстүрлі (жазбаша) көрсетіледі);

15) «Теориялық оқытудың академиялық кредиттерінің саны - ECTS» жолында – теориялық оқытудың кредиттерінің саны санмен көрсетіледі;

16) «Аттестациялық комиссияның шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі және күні сандармен көрсетіледі;

17) «Берілді (тағайындалды)» жолында дәрежесі/біліктілігі көрсетіледі;

18) «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» жолында мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;

19) білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі аккредиттеу агенттіктерінің логотипі және (немесе) атауы.

13. Өзіндік үлгідегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға қосымшаларда берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, берілген күні: күні (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен), тіркеу журналы бойынша тіркеу нөмірі көрсетіледі. Қосымшаларға Басқарма

Төрағасы – Ректор, декан қол қояды. Мөрге бөлінген орында «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ мөрі басылады.

14. Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом жарамсыз.

15. Өзіндік үлгідегі магистр дипломына куәлік көлемі 297x210 мм куәлік бланкісінен тұрады және үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) толтырылады.

16. Жеке үлгідегі магистр куәлігінің бет жағында:

1) үстіңгі жағының сол жағында – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ логотипінің суреті;

2) үстіңгі жағының ортасында - «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

3) ортасында - «Магистр дипломына куәлік» сөзі жазылады.

17. Өзіндік үлгідегі магистр дипломына куәлік былайша толтырылады:

1) университет атауы;

2) куәлік сериясы және нөмірі;

3) оқуды аяқтаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

4) мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы;

5) оқу кезеңі;

6) академиялық көрсеткіштер: пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны, бағалау (әріптік баламада, баллмен);

7) практика туралы мәліметтер: практика атауы, академиялық кредиттер саны, бағалау (әріптік баламада, баллмен);

8) Басқарма Төрағасы – Ректордың қолы;

9) берілген күні: күні (санмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы санмен);

10) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ мөрі;

11) QR-код.

18. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттар «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ түлектеріне тиісті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей тегін негізде беріледі.

19. Құжаттарды өзі алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

20. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың нысаны мен дизайны ЖЖОкБҰ-мен айқындалады және кемінде 5 жыл мерзімге бекітіледі.